# Қазақстанның су ресурстарын басқару мәселелері жөнінде ведомствоаралық кеңес құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің
2015 жылғы 18 желтоқсандағы № 141-ө өкімі

## Қазақстанның су ресурстарын басқару мәселелері жөніндегі ведомствоаралық кеңес туралы ереже

### 1. Жалпы ережелер

1. Қазақстанның су ресурстарын басқару мәселелері жөніндегі ведомствоаралық кеңес (бұдан әрі - Кеңес) Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Кеңес Қазақстанның су ресурстарын басқару жүйесін жетілдіру мақсатында құрылды.

3. Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін және өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

4. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Кеңестің жұмыс органы болып табылады.

5. Кеңес отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ жарты жылда бір реттен сиретпей өткізіледі.

### 2. Кеңестің міндеттері

6. Кеңестің міндеті:

1) су шаруашылығы саласындағы саясаттың ұлттық басымдықтары;

2) өзендер бассейндері мен бассейндер ішінде, сондай-ақ секторлар бойынша (ауыл шаруашылығы, өнеркәсіптік және коммуналдық секторлар басымдықтарының бірлестігі) сумен жабдықтау саласында ұлттық басымдықтарды айқындау;

3) өңірлер мен тұтынушылар арасында су ресурстарын қайта бөлу, егер қажет болса, квоталар белгілеу;

4) қоршаған ортаны қорғау жөніндегі стандарттарды айқындау;

5) сала үшін қаржыландыру қағидалары (мемлекеттік/жеке қаржыландыруға қол жеткізу және тұтынушылардан алынатын жалпы төлемдер);

6) су шаруашылығы секторының ұйымдастырушылық саясатын айқындау мәселелері бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

### 3. Кеңес жұмысын ұйымдастыру және оның тәртібі

7. Кеңес жұмысын ұйымдастыру және оның тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 наурыздағы № 247 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультациялық-кеңесші органдар мен жұмыс топтарын құру тәртібі, қызметі мен таратылуы туралы нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.